



# Ертең – академик Қаныш СӘТБАЕВТЫҢ туған күні

ЕЛБАСЫ НҮРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ 12 СӘУІРДІ ҒЫЛЫМ Қызметкерлерінің қәсіби мерекесі етіп белгілеу тегін емес. Себебі, бұл күн – АКАДЕМИК ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ ТУҒАН КҮНІ ҺӘМ ҒАРЫШКЕРЛЕР КҮНІНЕ ДӨП КЕЛІП ТҮР. АТАЛҒАН ЕКІ ОҚИҒАНЫҢ ДА ЕЛ ТАРИХЫНА ТІКЕЛІ ҚАТЫСЫ БАР.



Орыстың ұлы ғалымы Илья Мечников ғылымның дамуы үшін күшті тұлға қажет екендігін айтқан болатын. Қазақстан ғылымы үшін осындай тұлға – еңбек жолын Орталық Қазақстанда бастаған ірі ғалым Қаныш Сәтбаев.

Осы өлкеде көп мөлшерде көмір қоры шоғырланған. Сондай-ақ, мыс, алтын, уран мен полиметалдар енетін Д.Менделеев кесесіндегі элементтер толық кездеседі десе де болады. Орталық Қазақстанның халық шаруашылығы міндеттерін жүзеге асыру мақсатында академик Қ.Сәтбаевтың бастамасымен 1958 жылы Қарағандыдағы алғашқы академиялық мекеме – Қазақ КСР Ғылым академиясының Химия-металлургия институтын құру туралы шешім қабылданды.

## Зейнолла МОЛДАХМЕТОВ, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚР ҰҒА академигі.

Қ.Сәтбаевтың идеясы бойынша бұл ғылыми мекеме дамыған сайын, одан жаңа ғылым-зерттеу институттары бөліне беріп келе беріп келе, бұл идея жүзеге асты. Оның базасында құрылған жаңа академиялық институттар осы күнге дейін облыс орталығында қызмет етіп келе жатыр.

Мемлекеттегі, соның ішінде Орталық Қазақстандағы білім мен ғылыми көзқарастардың пайда болуы Һәм дамуы көне дәуірлерден тамыр тартады. Ерте ғасырлардың өзінде-ақ Ұлы Дала төсінде әлемдік өркениеттің мәдениеті мен ғылымына маңызды үлес қосқан көрнекті ойшылдар, дүниежүзіне танымал ғалымдар өмір сүрген.

Орталық Қазақстандағы іргелі және қолданбалы ғылым салаларының қазіргі заманғы дамуы Кеңес одағы дәуірінде басталды. Яғни, осы өлкенің табиғи қорын, оның ішінде, Қарағанды көмір кен орынын, Балқаш пен Жезқазған мыс кен орындарын зерттеуден, оларды игерудің кешенді және мақсатты жобаларын жасаудан, шахталар мен рудниктерді, заводтар мен фабрикаларды жобалаудан, халықтың тұрмыстық дәстүрі, оның құрамы мен халықтың орналасу ерекшеліктерін, ауыл шаруашылығы қорларын мен аймақтың географиясын, геоморфологиясын, гидрогеологиясын кешенді зерттеуден бастау алды. XX ғасырда Орталық Қазақстанда ғылым мен жоғары білімнің дамуы үшін көп жағдайлар жасалды.

Өндіріс жер қойнауында көмірдің, мыстың, күмістің, қорғасынның және тағы да басқа пайдалы қазбалардың бар екендігі ертеден-ақ белгілі болған. XIX ғасырдың соңына қарай бұл аймақта рудалық шикізат пен көмірдің 560 көрінісі байқалып, 166 шағын рудниктер мен көмір кеніштері, 24 шағын зауыттар жұмыс жасаған.

Қарағандыдағы геологтардың көмір барлау жұмысын ірі геолог-ғалым А.Гапесевтің басшылығымен болған экспедиция жүзеге асырды. Зерттеу барысында өңірде жоғары дәрежелі тас көмірдің ауқымды қоры бар екендігі анықталып, оның жалпыодақтық қана емес, әлемдік маңызы бар екендігін дәлелдеді. Осы жерде КСРО-ның үшінші Бүкілодақтық көмір базасы – Қарағанды көмір бассейні құрылды. Қарағанды, Саран, Абай және Шахтинск қалалары пайда болды.

Жезқазған кен орынын 1925-1927 жылдары ірі ғалым-геолог И.Ягвотын бастаған геологтар тобы зерттеген. 1929-1941 жылдар аралығында Жезқазған аймағындағы зерттеу жұмыстарын Қ.Сәтбаев басқарды. Жезқазған кен орындағы мыс қорын толық ашуды және осы байлықты игерудегі еңбек – Қ.Сәтбаевтың үлесіне. 1932 жылы ол Жезқазған кен орында мыстың ауқымды қоры бар екендігін және оның базасында түсті металдардың ірі тау-металлургиялық кешенін салудың қондылығын ғылыми түрде негіздеді. Нәтижесінде, Жезқазған кен-металлургия комбинаты салынды. Жезқазған және Сәтбаев қалалары бой көтерді.

Өткен ғасырдың 20-30 жылдарындағы геологиялық жұмыстар мен зерттеулер Орталық Қазақстандағы пайдалы қазбалардың барлық түрлері мен олардың қор көздерін кенінен зерттеуге жол ашты. Одан кейінгі жылдары да зерттеу қарқыны бәсеңдеген жоқ. Нәтижесінде, Орталық Қазақстанда Қарағандының көмірі, Балқаш пен Жезқазғанның мысынан бөлек, Атасу-Қаражал, Жәйірем, Өспен-Қайракты, Қарқаралы-Қарағайлы сынды елді мекендерде темір мен өзге де пайдалы қазбалар бар екендігі анықталды.

1940 жылы академик Қ.Сәтбаев КСРО мен Қазақ КСР-ның басшы органдарына жазған қызметтік хаттарында қара металлургия комбинатын ашу мәселесін қозғайды. Хатта Қарсақбай, Атасу, Қарқаралы кен орындарында өндірістік темір рудасының ауқымы 200 млн. тонналық қоры барлығын, Қарағандының көкестелген көмірінің миллиардтаған тонна қорын, едәуір су қорларын, марганец рудаларын, әктас, доломит, қышқак шикізаты мен жергілікті құрылыс материалдарының жеткілікті екендігін есептеп, дәлелдеп-ақ бақты. Осының арқасында Қарағанды металлургия комбинаты бой ірге қалап, Теміртау қаласы бой көтерді.

Одақтық, республикалық және жергілікті билік пен басқару органдарының, еңбек ұжым-

дарының біріккен орасан зор жұмысының арқасында «Қарағандыкөмір» бірлестігі, Балқаш және Жезқазған кен-металлургия комбинаттары Орталық Қазақстанның көпсалалы өндірісі мен экономикасының барлық салалары үшін, қалалар мен селолардың, әлеуметтік саланың, білімнің, ғылым мен мәдениеттің жасалуы мен дамуы үшін негізгі тірек, базалық өнеркәсіптік кәсіпорындар болды.

Пайдалы қазбалары бар кен орындарын барлау жұмыстарының жылдамдығы мен ауқымын жандандыру және жалпы Орталық Қазақстанның индустриялық дамуы үшін өткен ғасыр бойындағы Қазақстан геологтарының жүргізген бәсеңді және жемісті зерттеулерінің маңызы зор болды. Отандас геологтар 1930-1980 жылдары қатты пайдалы қазбалардың 90 өндірістік кен орындарын анып, барлау жасады. Бұрын ашылған 55 өндірістік кен орыны да қайта барланып, жаңа тыныс алды. 80 орта және ірі жерасты су көздерін, 5 емдік минералдық су орынын, сонымен қатар, құрылыс заттарының 350 кен орынын ашты. Барлық зерттелген кен орындары ғылыми және мемлекеттік тұрғыда мойындалды.

Ғылыми зерттеулер нәтижесінде өңір Қазақстанның бірігей темір-марганецтік, барит-полиметалдық, сирек металдық және көмірлі провинциясы екендігі анықталды. Облыс аумағында республиканың марганец баланстық қорының 100%-ы, вольфрам үш тотығының – 80%-дан астамы, молибденнің – 63,9%-ы, қорғасынның – 54,2%-ы, мырыштың – 38,8%-ы, мыстың – 36%-ы, көмірдің – 31,9%-ы, оның ішінде, коксталған көмір қорының 100%-ы, волюстит пен ролусит-асбесттің – 100%-ы, бариттің – 70,5%-дан астам қоры шоғырланған. Облыс бейметалл пайдалы қазбалар түрлерінің едәуір барланған қорына ие.

Геологтардың жемісті жұмысында Қ.Сәтбаевтың басшылығымен қазақстандық ғалымдар жасаған, металл пайдалы қазбалардың профилі типтері мен рудала бай барлық аумақтардың мекен-жайы көрсетілген Орталық Қазақстанның металлогендік болжам картасы үлкен маңызға ие болды. Картада пайдалы қазбалардың кен орындары кешенді орналасқандығы көрсетілгендіктен, оларды барлау және игеру жұмыстары айтарлықтай жеңілдеді.

1954 жылы жарияланған бұл картаның кешенділігі, егжей-тегжейлігі мен ғылыми негізділігі бойынша сол кездегі әлемдік тәжірибеде баламасы болған емес. Сол үшін де Қ.Сәтбаев пен картаны құрастырушы ғалымдар Ленин сыйлығына ие болды. Орталық Қазақстанның табиғи ресурстары әлі күнге дейін зерттеледі.

Міне, осылай, геология ғылымы, табиғи байлық пен жер қойнауын зерттеу бойынша геологиялық барлау жұмыстары іс жүзінде XX ғасырдағы Орталық Қазақстанның өнеркәсіптік, әлеуметтік-экономикалық дамуының басы болды. Оның экономикасының, әлеуметтік саласының, ғылым мен білімнің барлық салаларының өрлеуіне жағдай жасалды.

Орталық Қазақстан ғылымының дамуы үшін 1949 жылы Қарағандыда өткен академик

Қ.Сәтбаев басқарған және академик И.Бардин және КСРО-ның басқа да ірі академиктері қатысқан Қазақ КСР Ғылым академиясының көшпелі сессиясы түрткі болды. Бұл сессияда

сында 1961 жылдан бастап «Қарағандыгеорудинституты» институты, 1964 жылдан бастап «КарГНИЗ», 1972 жылдан бастап «Центргипро-родовхоз» институты табанды тер төкті.

Сондай-ақ, ауыл шаруашылығы саласында 1938 жылдан бастап облыстық ауыл шаруашылығы тәжірибелік станциясы, 1956 жылдан бастап Ботаникалық бақ, 1993 жылдан бастап Жер өңдеу ғылыми-зерттеу институты жұмыс жасап жатты.

Сонымен қатар, денсаулық сақтау саласында 1958 жылдан бастап Еңбек және кәсіби аурулар институты, 1995 жылдан бастап Фитохимия институты жұмыс істеді. Жоғарыда аталған ғылыми мекемелердің ғылыми ұжымдары маңызды ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Бұл жұмыстардың нәтижелері Орталық Қазақстанның, жалпы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының тиісті салаларында тәжірибеде қолданыс тапты. Оған мемлекеттік құжаттар мен әр жылдардағы жарияланымдар дәлел бола



Қ.Сәтбаев әріптестерімен Орталық Қазақстанның даму мәселелерін талқылауда.

Орталық Қазақстандағы өндірістік күштердің негізгі даму жолдары талқыланды. Бұл мәселелер кейін, 1958 жылы Қарағандыда академик Қ.Сәтбаевтың басшылығымен өткен Қазақ КСР Ғылым академиясының Қарағанды халық шаруашылығы кеңесі, республиканың Министрлер кеңесінің Ғылыми-техникалық комитеті мен республиканың Геология және жер қойнауын қорғау министрлігінің бірлескен ғылыми сессиясында жалғасын тапты.

Сессияда жасалған ұсыныстар Орталық Қазақстанның 1950, 1960, 1970 жылдардағы өндірістік күшін дамыту мәселелерін ғылыми жобалауда маңызды үлес болды.

Көмір өнеркәсібі, түсті және қара металлургия, химия өнеркәсібі, машина құрастыру, күрделі құрылыс, ауыл шаруашылығы, әлеуметтік сала және оны ұйымдастырудың даму бағытында Қарағандыда көптеген ірі бейіндік, арнайы ғылыми мекемелер ашылып, қызмет атқарды. Мәселен, тау-кен саласында 1945 жылдан бастап Бүкілодақтық тау-кен геомеханикалық және маршейдерлік іс ғылыми-зерттеу институтының филиалы, 1946 жылдан бастап Шығыс жұмыс кәуіпсіздігі ғылыми-зерттеу институтының филиалы, 1947 жылдан бастап Бүкілодақтық көмір ғылыми-зерттеу институтының филиалы, 1951 жылдан бастап «Қарағандыгипрошахт» институты, 1958 жылдан бастап «Гипроуглетромаш» ғылыми-зерттеу жобалық-конструкторлық және эксперименталдық институты жұмыс жасады.

Бұдан бөлек, химия және металлургия өнеркәсібі саласында 1958 жылдан бастап Химия-металлургия институты, 1983 жылдан бастап Органикалық синтез және көмір химиясы институты, 1991 жылдан бастап Жер қойнауын зерттеу мәселелері институты қызмет етті.

Өз кезегінде, күрделі құрылыс сала-

ликалық және облыстық деңгейлерде қабылданған бұл мемлекеттік шешім өзін-өзі ақтады.

Орталық Қазақстанның экономикалық тұрғыда елдің маңызды аймағына айналуына және отандық ғылымның дамуына қарағандылық ғылыми мекемелер мен жоғары оқу орындары қомақты үлес қосты. Табиғи байлықтарды игеруді жылдамдату мен адам факторды белсенділендіруде аймақта ғылымның маңызды салаларын дамытуға ерекше көңіл бөлінді.

Сойтін, Қ.Сәтбаевтың ізбасарлары А.Сағынов, Е.Бөкетов, М.Жұрынов, Д.Әбішев, Қ.Құлқыбаев сынды академиктер зор үлес қосты. 1942 жылы өнеркәсіптік молибденнің концентратын алғаны үшін Қ.Сәтбаев пен Е.Антоновский КСРО мемлекеттік сыйлығының лауреаттары атанған болатын. Сондай-ақ, ғылым мен техника саласындағы айтарлықтай жетістіктері үшін төменде аты аталған ғалымдар да осы сыйлыққа ие болды:

– С.Мақаров, П.Денисов пен Л.Егоров 1948

– А.Сағынов, Ю.Векслер – «Жер асты құрылыстарының тұрақтылығы мен беріктігін есептеу мақсатындағы тау жыныстарының бұзылғыштығы мен сырғығыштығын зерттеу» жұмысы үшін 1974 жылы;

– Н.Бойко, П.Сельский – «Қазақстан құрылыстарында прогрессивті кадалық іргетастарды енгізу» жұмысы үшін 1976 жылы;

– Э.Меликов, Н.Блищенко, С.Мордовинцев, М.Жандәулетов, А.Пятрин, А.Жигайло – Қарағанды қаласының орталық бөлігінің жоспары мен құрылысын жасағандары үшін 1978 жылы;

– О.Тищенко, М.Ақбиєв, В.Марков – «Үлкен жүк артатын КамАЗ автомобильдері рама-ларына қажет беріктігі жоғары болатын өндіруді игеру» жұмысы үшін 1979 жылы;

– Д.Мұқанов, Л.Мақсақова, А.Першин, А.Стройковский, Э.Мининес – кара металлургиядағы техникалық үдерістерді басқару жүйесі мен агрегаттардағы шахта материалдарының ылғалдылығын автоматты түрде бақылау құралдар кешені үлкен бірліктік әлеуетін арттырғаны үшін 1984 жылы;

– А.Сағынов, А.Лазуткин, Д.Ешуткин, И.Янцен – «Қазақ КСР өнеркәсібінің кен өңдеу мен құрылыс салалары үшін қуатты гидравликалық машиналарды жасау теориясы мен құрастыру» атты жұмысы үшін 1987 жылы;

– Ж.Әбішев, А.Жарменов, С.Байсанов, С.Дүйсембаева, М.Толымбеков, Б.Хасен – 1983-2000 жылдарда «Ферросиликополимердің әлемдік деңгейіне сай өнімі мен күкірт қышқылының таза сұрыптарын шығара отырып, техногенді шикізатты қайта өңдеудің технологиясын жасау және өндірісін ұйымдастыру» жұмыстарының топтамасы үшін 2001 жылы;

– А.Ақбердин, В.Ким, А.Ким, К.Сарекенов, Ж.Сүлейменов – «Сапасты әлемдік деңгейге сай қазақстандық феррокоспалардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін арнайы мақсаттағы материалдарды: флюс пен арнайы кокс түрлерінің өндірісін ұйымдастыру және технологиясын жобалау» жұмысы үшін 2003 жылы;

– М.Жұрынов, А.Ғазалиев, А.Башев, А.Башева, С.Фазылов – «Қазақстанның табиғи шикізаттары негізінде жаңа биологиялық белсенді заттарды, металдар қоспалары мен ультрадисперсті ұнтақ алудың электрохимиялық әдістері мен технологиясы» атты жұмыс топтамасы үшін 2003 жылы;

– В.Малишев, Н.Бектурганов, А.Нұрмағамбетов, Т.Сүлейменов – «Қатты, сұйық және газ калпына арналған хаотты бөлшектердің ортақ теориясын жасау және технологияны жетілдіру үшін оның қолданылуы, тазартылған мыс пен мыс сымның сапасы мен өндірісін арттыру» атты жұмыс үшін 2005 жылы;

– Т.Намазаев, Д.Мұқанов – «Қазақстанның жоғары технологиялық әлемдік өнім нарығы – тұрақты ызырттан нарығына шығуын қамтамасыз ететін ғылыми-техникалық және ақпараттық-сараптамалық жұмыстар кешені» жұмысы үшін 2005 жылы;

– С.Әдекенов, Х.Итжанова, А.Кагарлицкий, М.Мұхамеджанов, К.Мұсырманбеков, К.Рахимов, В.Сирота, К.Тұрдыбеков – Қазақстанда химия бойынша табиғи сесквигтер-пенді лактондарды зерттеуді дамыту, олардың негізінде жаңа емдік заттарды іздеу мен шығару, отандық бірегей фитопрепараттарды өнеркәсіптік деңгейде өндіруді ұйымдастыру жұмыстары үшін 2007 жылы;

– А.Жарменов, Л.Болотова, С.Сисабаев, Х.Күзгібекова, И.Старцев, Н.Ушаков, С.Шалғымбаев, В.Шумской «Технологиялардың әлемдік нарығында Қазақстанның мәртебесін көтерген және елдің инновациялық дамуына маңызды үлес қосқан қорғасын мен алтын металлургиясы саласындағы зерттеулерді өнеркәсіптік жүзеге асыру» жұмысының топтамасы үшін 2015 жылы;

– А.Ахметов, В.Басин, М.Витущенко, А.Мұхтар, А.Рау, Б.Сәтбаев, В.Яблонский – «Болатты өндірудің бәсекеге қабілеттілігі мен оның коммерциялық қайтарым тәуелділігіне бақылау және өндірісін қайта өңдеуді іске қосудың әлемдік деңгейдегі технологиясын жасау» жұмысы үшін 2017 жылы.

Жоғарыда келтірілген материалдардың барлығы Қ.Сәтбаевтың Орталық Қазақстан аймағының дамуына қосқан үлесінің айғағы болып табылады. Оны дәлелдеу артық деп ойлаймын. Осы көрнекті ғалым алдында біз басымызды ініп, оның таланты мен еңбегіне тағзым етеміз!

## ЕЛ ТАРИХЫНДАҒЫ

## ЕЛЕУЛІ ТҰЛҒА



Қ.Сәтбаев әріптестерімен Орталық Қазақстанның даму мәселелерін талқылауда.

Жоғарыда аталған ғылыми және жобалық-конструкторлық ұжымдар аймақ пен бүкіл республиканың экономикасы мен әлеуметтік саласы дамуының ғылыми мәселелерін жобалаумен айналысты.